

"Гиперборея" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 35 кВ кабель желісін салу және қызмет көрсету үшін жер учаскелеріне қоғамдық сервитутты орнату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінің әкімінің 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 09 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару", Осакаровка кентінің әкімі

ШЕШІМІ:

1. "Гиперборея" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Осакаровка кентінің жер учаскелерінде орналасқан, 35 кВ кабельдік желіні салуға және қызмет көрсету үшін, екі жыл мерзімге жер учаскесін алып тастамай, ауданы 23,5 гектар, жер учаскесіне мемлекеттік сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Осакаровка кенті әкімінің орынбасары Болат Оразалыұлы Жетписбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Акижанов С.Т.